

« Орфографиялық сөздікте» олқылық болмауы керек

Қ.Қадырқұлов,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы,
филология ғылымының кандидаты

«Орфографиялық сөздік» туралы жазылған пікірлер «Ана тілі» газетінде үнемі жарияланып тұрады. Сөздік түзу - оңай іс емес. Оның үстіне «Орфографиялық сөздіктің» кемшіліксіз болуы - сауаттылық кепілі. Сондықтан болар, жазушы да, ғалым да, қалың оқырман да өз ойларын, өз ұсыныстарын ортаға салып, сөздіктің кемшін тұстарын атап-атап көрсетіп келеді. Одан басқа қолдарынан келетін ештеңесі жоқ. Ал кемшіліктің бәрі емле ережесі мен емле сөздігіндегі олқылықтардан туындайды.

Бірінші олқылық фонетикаға қатысты. Әсіресе, **И** және **У** дыбыстарын дауыстыға жатқызғандықтан, тіліміздегі фонетикалық жүйенің тұрақтылығы мен грамматикалық тұлғаларға берілген ережелердің бәрі бір мезгілде жоққа шығарылады. Өзінің «Оңалу ма, омалу ма?» атты мақаласында (Ана тілі, 13 наурыз, 2008 ж.) жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы **И** -дің қазақ тілінде дыбыс та, әріп те еместігі туралы жеткізе айтты. Белгілі ғалым Байынқол Қалиев ағамыз «Қазақ тілі пәні қашан қазақ тілінің төл дыбыстарын оқытады?» атты мақаласында («Жас алаш» газеті) **И** мен **У** дыбыстарының ережесін өзгерту керектігін жан- жақты талдап берді. Емле ережесінде аталмыш екі дыбыс дауыстылардың толық құқығын иеленген соң төмендегідей кереғарлықтың туындамауы мүмкін емес:

- қазақ тіліндегі түбір сөздерде екі дауысты қатар жазылады (буын, қиын);
- тасымалданған буын дауыстыға басталады (бу - ын, қи - ын);
- тек сөздің басында келетін жалаң ашық буын мен тұйық буын сөздің ортасында да, соңында да келе береді (бу - **ын**, қи- **ын**, әу - ли - **е**);
- дауысты дыбысқа аяқталған сөзге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанады (бару-ым, келу - ім, қи - ін, би – і);
- күшейтпелі шырайдың күшейтпелі буынында аталмыш екі дыбыс өздерінің дауысты екендеріне қарсы шығады: біп - биік, сүп - суық, жып - жинақы, жұп - жуас (яғни алдында **ы,і,ұ** дыбыстары бар).

Сондықтан осы екі дыбысты дауыстылардың қатарынан шығармай, емле ережесінің фонетикалық кемшін тұстары ешқашан түзелмейді.

Ал орыс тілі арқылы басқа тілден енген сөздердегі **И** мен **У** ерекшеленіп қала берсін. Өйткені олар буынға бөлінген кезде ырғақты бұзбайды: **э- ко –но- ми- ка, у- ни- вер- си – тет.**

Екінші олқылық - біріккен сөздердің бірігу жігіндегі қатар келген дауыстылар мен сол жікте ықпалға ұшыраған дауыссыздардың жазылуындағы ала - құлалық. Ережеміз: - *алдыңғы сыңары дауысты дыбысқа аяқталып, екіншісі дауыстыға басталатын, негізінен, кісі есімдеріндегі қатар келетін екі дауыстының бірі(алғашқысы) түсіріліп жазылады,-* дейді. Ал сөздікте *қараағаш, алмаағаш, қараөзек* сөздерінде екі дауысты қатар, *қарала* (үйрек) сөзінде біреуі түсіріліп беріледі. Біріккен сөздердің ара жігіндегі дауыстылардың қайсысы түсіріліп айтылатыны сол дауыстылардың ашық-қысаңдығына қатысты екендігі әлі күнге дейін ескерілмей келеді. Егер қатар келген екі дауысты **ашық-**

ашық немесе **қысаң-ашық** түрінде келсе, алдыңғы дауысты түсіріледі: *Қожахмет, қарағаш, қарой, Торайғыр, саратан*. Екі дауысты **ашық-қысаң** болып келсе (сирек кездеседі), екіншісі түсіріліп айтылады: *Қараңғұр* (Қара үңгір). **Қысаң** дауыстылар қатар келгенде кейде екеуі де түсіріліп айтылады: **Өмірзақ, Жанзақ**. Міне, осы үш түрлі құбылыстан екшелген ереже шығарса, біріккен сөздердің жігіндегі дауыстылардың жазылу ерекшелігі бір қалыпқа түсер еді. Осы тұста біріккен сөздердің ара жігіндегі **дауысты- қатаң дауыссыз**, **қатаң дауыссыз-дауысты** және **үнді** мен **қатаң** дыбыстардың жазылуындағы бірізділіктің қалыптаспағанын айта кеткен орынды. Сөздіктерде *ботакөз- ботагөз, көкорай-көгорай, қаракөз-қарагөз* нұсқалары қатар кездеседі. Жаңа қолданысқа енген **көкөніс** сөзі шатыраш тақтадағы жүріс секілді «Орфографиялық сөздіктің» 1978 жылғы басылымында *көгөніс*, 1988 жылғысында *көкөніс*, 2001 жылғыда *көгөніс*, 2007-де *көкөніс*, ал соңғысында (2013 ж.) *көгөніс* қалпында берілген. Сөздіктің 2001 жылғы басылымынан бастап **қыркүйек** сөзінің де берекесі кетті. Біресе *қыркүйек* (2001 жылға дейінгі барлық сөздікте және 2007 жылғы сөздікте осылай), біресе *қыргүйек* (2001, 2013 ж.ж. басылымдарда) түрінде ұсынылған. Сөздік құрастырушылар бұл «ойынның» себебін ашып көрсетпейді. Осыларға ұқсас сөздер *көкөзек, шекара* күйінде көрсетіледі.

Үшінші олқылық – біріккен сөздер мен тіркес сөздердің ара жігін ажырата алмай жүргендігіміз. Емле ережесінде күрделі сын есім, күрделі сан есім, күрделі етістіктердің бөлек жазылатындығы арнайы тармақшамен көрсетілген. Ал «Емле сөздігінің» жаңа басылымы сайын еш себепсіз тіркес сөздер біріктіріле береді. Әсіресе, 2001 жылғы «Орфографиялық сөздік» бұндай құбылысқа түрен салып бергендей болды. Ережемізде «*Ақ, қара, қоңыр, сұр, шұбар, сияқты сын есімдер аң- құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады*» делінгенмен, аталмыш сөздіктен бастап **ақтүлкі, қаратүлкі, алақарға, қарақарға, көкала** секілді біріккен сөздер қаптады да кетті. Бірақ *ақ қоян, қызыл түлкі, ор түлкілер* бірікпей қалды. Оның есесіне, *құнанбәйге* (аламан бәйге бөлек), *біртоғыз* (жеті тоғыз бөлек), *бір тұтам* (бір қарыс, бір елі, бір сүйемдер бөлек), *екі аяқты арба, үш аяқты арба* (төрт аяқты арба бөлек), *күйеубала* (құда бала бөлек) тәрізді анықтауыш сыңары күшпен біріктірілген сөздердің емлесі ұсынылды. 2007 жылғы «Орфографиялық сөздіктен» бастап *сарыала, арпакөже* (бидай көже мен күріш көжелер бөлек), *бастабақ* сияқты біріккен сөздер тілдік қорымызға енді. **Арпа көжемен біріккенде, бидай неге біріге алмайды?** деп сұрап жатқан ешкім жоқ.

Төртінші олқылық – ережеде бөлек жазылады делінсе де, тұрақты сөз тіркестерінің біріктіріліп жазылуы. Байынқол ағамыз бұл жөнінде өзінің «Орфографиялық сөздік түзудің кейбір мәселелері» (Ана тілі, 13 ақпан, 2014 ж.) және «Фразеологизмдер неге біріктіріліп жазылады?» (Ана тілі, 28 қаңтар, 2016 ж.) мақалаларында айтуындай - ақ айтты. Ереже идиомалық және фразалық тіркестердің бөлек жазылатынын айшықтап берсе де, 2001 жылғы сөздік бастап берген **сүтпісірім уақыт** секілді тұрақты сөз тіркесі (бұған *аспісірім, етпісірім* сөздері қосылды) 2007 жылғы сөздікте **аяқастынан** фразеологиялық тіркесінің бірігуіне ұласып, одан кейінгі сөздіктерде **тұрақты сөз тіркесі** деген ұғым ескерілуден қалған сияқты болып көрінеді.

Бесінші олқылық – екінші буынында **Ә** дауыстысы келетін сөздерге қосымшаның қалай жалғанатыны туралы ереженің күмәнділігі. *Барыс, жатыс, шығыс септіктері мен -ла жұрнағы жуан, қалған қосымшалар жіңішке жалғанады* делінген. Ал «**Күләштай әнші боламын**» десе ше?

Сондықтан ереженің дұрысы – екінші буынында **Ә** дауыстысы бар сөздерге қосымша қысаң дауыстымен келсе жіңішке (күмәнді, Күләннің), ашық дауыстымен келсе жуан (күмәндан, Күләндай) жалғанады.

Алтыншы олқылық – қысқарған сөздерге қосымша жалғау олардың соңғы дыбыстарының айтылуына байланысты жалғану керек болса да, ешқандай басылымның бұл ержені негізге алмайтындығы. Назар аударайық: *Достықпен шекаралас ҚХР-ның Алашанкоуі де осы ширек гасырда көз алдымызда көтерілді («Айқын»,30. 03. 2016). Бар білгеніміз бұл жайттан БҰҰ-на хабардар еткен («Жас қазақ»,25. 03. 2016). Туімді келіссөздер қорытындысында Кембридж университетінде түркітану мен ҚазҰУ-дің ғылыми орталағын ашу жоспарланды («Алматы ақшамы»,12. 04. 2016). Көріп отырғанымыздай, он шақты күннің көлемінде жарық көрген үш басылымның емле ережесін ескермеуі «дәстүрге» айналған секілді. Ереже «қысқарған сөздерге айтылуы бойынша жалғанады»,- дейді(егер тек дауыссыздардан тұрса). Дауысты дыбыспен келетін болса,сол дауыстының жуан не жіңішкелігіне қарайтынын ескертеді.Сонда «Ал «Бобровка +» ЖШС-нің роботталған сүт өңдеу фермасында қазіргі кезде 800-ден астам ірі қара мал бар екен» сөйлеміндегі қысқарған сөзді қалай айтамыз(«ЕҚ».04.11.2016).*

Жетінші олқылық – әр емле сөздігінің жаңа басылымдарында бұрынғы қателіктерінің өзгеріссіз қайталана беруі.

Осы олқылықтардың бәрі дұрыс қалыпқа келтіріліп, екшелген ереже бойынша «Орфографиялық сөздігіміз» қайта түзілетін болса, болашақ ұрпағымыздың сауатты жаза алатынына сенімді болар едік. Ол үшін Ғылым және білім министрлігі «Орфографиялық сөздік» түзу құзырын А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан алып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ- дың құзырына бергенін жөн санаймын. Бұндай ұсыныс айтудың бірнеше себептері бар.

Біріншіден, университетте филология мамандығы бойынша жүзден аса ғылым докторы мен ғылым кандидаттары бар. Әрқайсысы сөздіктің бес бетінен бөліп алып, сараптағанның өзінде толыққанды «Емле сөздігі» түзіледі екен. Тіл білімі институтының ғылыми әлеуеті жеткенімен, физикалық тұрғыдан қиындыққа душар болатыны анық. Сондықтан да сөздіктің әр басылымы бұрынғы кемшіліктерімен қайта-қайта жарық көріп келді.

Екіншіден(басты себеп), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Орфографиялық сөздік» туралы жазылған мазмұнды мақалалардың ескертпелерін елеп, бірде-бір тұщымды жауап жазған емес. Жақында «Өзге елдер тәжірибесінен үйренсек...» атты мақаласындағы(«Ана тілі»,25. 03. 2016) *«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымы өз ғылыми кеңесінде латын әліпбиіне көшер алдында қазақ тілінің емлесін ұштап, орфографиясын жетілдіруге қатысты туындап отырған даудамай мен талас пікірді ой елегінен өткізіп, бір тоқтамға,оңтайлы шешімге келу жолын қарастырды»* деген жолдарынан филология ғылымының докторы,профессор Сейдін Бизақов мырзаның сол институттан екенін аңғарып, алдағы шығатын «Емле сөздігі» туралы **оңтайлы шешімнен** күдіктене бастадым.Өйткені мақаласының тақырыбы мемлекеттік тілді оқыту мәселесі болса да, соңына таман бұдан бұрын жарық көрген «Келісіп пішкен тон келте болмайды»(«Ана тілі»,29. 10. 2015) деген мақаласындағы емлеге қатысты оғаш ойларын қайталапты.Олар:

- екі мақаласында да *«...орыстілді оқырманның «ұйықтап жатыр» дегенді түсінуге болады, бірақ неге «келе жатыр», «бара жатыр» - жүріп келе ме, әлде жатыр ма деп сұрайтын кезі бар. ...келтірген сөздің «келатыр», «баратыр» нұсқасын қолданысқа*

енгізсек аталған өзекті мәселе өз шешімін табар еді, - дейді. Сонда *жатыр, тұр, жүр, отыр* қалып етістіктерінсіз нақ осы шақтың жасалмайтынын қайда қоямыз. Нақ осы шақтың үш жағына жекеше, көпше жіктегенде біріктірген күрделі етістігімізді қалай түсіндіреміз? Бұл тұста белгілі ғалымдар Ы.Маманов пен М.Оразовтың қалып етістіктері туралы еңбектерін қарап шыққан жөн. *Жатыр* көмекші етістігін түсінбейді деп күрделі етістікті біріктіргеннен ұтатынымыз шамалы. Оқыта алмағанымызды көмекші етістіктерден көрмейік. Қазақтың баласына «идет дождь» десең, «жаңбыр жүріп барады» демейді ғой. Болмаса, қазақ түсінбей қалады деп, басқа ұлт грамматикасын өзгертіп жатқан жоқ қой;

- ...орынды үнемдеумен қоса жаңа аталыммен лексикалық қорды молықтыратын тұстарды ескерген артық етпес еді. Оған **барсигеді**(барса игі еді), **келсигеді**(келсе игі еді), **барыппекен**(барып па екен), **деппең**(деп пе едің), **баралмайды** сөздері мысал болады. Ешкім бұл сөздерді **барып па екен, деп па екен** т.б. деп айта қоймайды, - дейді. Рас, айта қоймайды. Бірақ әңгіме айтуда емес, емле туралы екенін өзі байқамаған секілді. Сонда қалау райдың жасалу жолы, өткен шақтың формалары көмекші етістікке айналып кеткені ме? Сонымен қатар, *барса игі еді - барсайгеді, келсе игі еді - келсейгеді* болып айтылады. Ашық- қысаң дауыстылардың екіншісі түсіріледі (барса йгі еді).

- екі мақалада да күрделі етістіктердің кіріккен түріне *әкел* (алып кел), *апар* (алып бар), *әкет* (алып кет) секілді мысал келтіреді де, осы үлгіде, **үйренівалды, тыңдавалды, күтівалды, жүрівалды, ұйықтавалды, жаттавалды, ұғывалды** ... деп қазақ тілін үйренушілерге ыңғайсыздық тудыратын тұсты жөнге келтіріп жазсақ, сөздік құрамды жаңа аталыммен молықтырып, ана тілімізді құрмет тұтуға септігі тиер еді, - дейді.

Қазақ тіліндегі дәстүрлі кіріккен етістіктер (әкел, апар, әкет, сөйт, бұйт) етістікке тән екінші жақтағы, бұйрық райдағы күрделі түбір тұлғаны сақтаған. Содан кейін барып етістіктің категорияларына түрленген. Ал күрделі етістіктердің біріккен үлгісі тілімізде кездеспейді. Етістіктің шақ, рай категориясындағы күрделі етістіктерді біріктіру - тілге қиянат;

- алдыңғы мақаласында ... *Сөз тіркесін біріктіріп жазу ондағы мағыналық дербестігі жоқ сыңарын шектеу үшін де қажет. Мысалы, таяқ жеді, қара ала, ақ сұр, көк ала сөздерін... біріктіріп жазу тиімді*, - делінген. Бұл мысалдардан қандай сөз тіркесін көріп тұрғаны белгісіз. Таяқ жеді - тұрақты тіркес, қалғандары - күрделі сын есімдер. Емле ережесіндегі екі бірдей қағидаға қарсы ұсыныс айтылған. Күрделі сөздердің құрамындағы (сөз тіркесінің емес) дербес мағынасы жоқ сөздердің бәрін біріктіре берсек, тіліміз тек не кіріккен, не біріккен сөздердің қорына айналмай ма?! Күрделі сөздердің құрамындағы көмекші сыңарлардың мағынасы сол күрделі сөз ұғымының тұтастығын сақтайды.

Міне, осындай ұсыныстар Тіл білімі институты қызметкерінің тарапынан айтылған соң, ертеңгі күні «Орфографиялық сөздіктің» жаңа басылымынан көрініс таппасына кім кепіл.

Үшіншіден, университет қабырғасында түзілген сөздік 15 факультет мамандарының талқысынан өткеннен кейін ғана басылымға ұсынылар еді.

Төртіншіден, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тілге қатысты кез келген шараны мемлекеттік жауапкершілік деңгейінде бағалайтын ректоры проф. Ғ. Мұтанов пен бірінші проректоры М. Бүркітбаев сынды тұлғалы азаматтардың «Орфографиялық сөздік» түзу ісіне «шөміштің сабынан қарауыл қарап отыратындығы» абыройлы нәтижеге жетелейді.

Кемінде 2030 жылға дейін өзгермейтін «Орфографиялық сөздік» түзілсе, әрі қарай синонимдік қатарға жатпайтын (көбісі вариант сөздер) сөздерге толы «Синонимдер сөздігі» секілді дүниелердің көкейкесті мәселелерін шешу ісі қолға алынар еді. Қорыта айтқанда, *тілімізге халықтың тағдыры әр сөзінен сығалап тұрғандай қарау керек*(Бексұлтан Нұржекеұлы) .

**Қайсар Қадырқұлов,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**

